

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2025-2026 оқу жылындағы

Қамқоршылық кеңес отырысының Хаттама №4

Өткізілген күні: 18.05.2026 жылдың

Өткізілген орны: директордың кабинеті

Қатысқандар: мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы.
2. Оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьлерге қамту туралы және оқушылардың жазғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері.
3. «Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы

Баяндамашы: қамқоршылық кеңесінің төрағасы Рахимбекова Мадина
Калымтаевна сөз алды.

Алдыңғы №3 отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Қабылданған тапсырмалардың уақтылы және толық орындалғаны, белгіленген жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асырылғаны атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Оқушыларды лагерьлерге қамту және жазғы қауіпсіздік туралы

Баяндамашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Имантаева А.К мен Олжабек С сөз алды.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді, қауіпсіз және мазмұнды ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы лагерь жұмысы және сыртқы сауықтыру лагерьлеріне жолдау шаралары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түсіндіру жұмыстары, ата-аналармен жүргізілген профилактикалық әңгімелер мен нұсқаулықтар жөнінде баяндалды.

3-мәселе бойынша:

«Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы туралы


Баяндамашы: қамқоршылық кеңесінің төрағасы Рахимбекова Мадина
Калымтаевна сөз алды.


2024–2025 оқу жылында қамқоршылық кеңес тарапынан атқарылған жұмыстардың қорытындысы жасалып, әлеуметтік қолдау көрсету,

демеушілер тарту, оқушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралардың тиімділігі атап өтілді. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Қаулы етілді:

1. Өткен отырыстарда қабылданған шешімдердің орындалуын қанағаттанарлық деп тану.
2. Оқушыларды мектеп жанындағы және сыртқы лагерьлерге қамту жұмыстарын уақытылы әрі қауіпсіз ұйымдастыруды жалғастыру.
3. Оқушылардың жазғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналармен және жауапты тұлғалармен бірлескен жұмыстарды күшейту.
4. «Қамқоршылық кеңесінің» 2024–2025 оқу жылындағы жұмысын қанағаттанарлық деп бағалау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  М.Рахимбекова

Хатшы:  Койбагарова З.Т